

С. Утебеков

PhD, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Түркістан,
Қазақстан (e-mail: senuteb@gmail.com) ORCID: 0000-0003-3557-6758

**«Диуани хикметтегі» анатомиялық атаулардың түркі тілдеріндегі
қолданыстарына байланысты салыстырмалы-
салғастырмалы талдау**

Аңдатпа

Мақалада орта ғасырлық сопы ақын Қожа Ахмет Ясауидің әйгілі шығармасы «Диуани хикметтің» Көкшетау нұсқасының сөздік қорында саны жағынан маңызды орын алатын анатомиялық атауларға лингвистикалық тұрғыдан талдау жасалады. Яғни «Диуани хикметте» қолданылған *ағыз* «ауыз», *арқа* «арқа», *айақ* ~ *айағ* «аяқ», *бағыр* «бауыр», *баш* «бас», *бел* «бел», *бойұн* «мойын», *ич* «іш», *егин* «иық», *елиг* ~ *ел* «кол», *қол* «кол», *көз(үс)* «көкірек», *көз* «көз», *құлақ* «құлақ», *өпке* «өкпе», *сач* «шаш», *сақал* «сақал», *сүнгек* «сүйек», *тыл* «тіл», *ұча* «арқа, жауырын», *йүрек* «жүрек», *йүз* «жүз» секілді жиырмадан аса анатомиялық атауға жеке-жеке тоқтала отырып, бұл атаулардың тарихи ескерткіштердегі, сондай-ақ қазіргі түркі халықтарының тілдері мен диалектілеріндегі қолданыстары жайында мәлімет беріледі. Әрбір атаудың түркі тілдеріндегі қолданыстарын баяндау барысында әрі мағыналық, әрі тұлғалық жақтан салыстырып, кейбір атауларда орын алған дыбыс құбылыстарына тоқталады. Кейбір атаулардың жасалуына, қалыптасуына байланысты айтылған ғалымдардың көзқарастары сараланып ғылыми анализ жасалады. Атаулардың тура мағыналарымен қоса ауыспалы мағыналары, кейбір атаулардың көпмағыналылық қасиеттері жөнінде сөз болады. Сонымен бірге ескерткіш тілінде кездесетін соматизмдердің, яғни анатомиялық атаулардан жасалған фразеологиялық тіркестердің түркі тілдеріндегі қолданылу ерекшеліктері, беретін мағыналары туралы баяндалады.

Кілт сөздер: Диуани хикмет, Көкшетау нұсқасы, анатомиялық атаулар, дене мүшелері, соматизмдер.

S. Utebekov

PhD, Senior Lecturer of the Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish
University, Turkistan, Kazakhstan (e-mail: senuteb@gmail.com)

**Comparative Analysis of the Use of Anatomical Names Found in
Divan-i Hikmet in the Turkic Languages**

Abstract

The article provides a linguistic analysis of anatomical names that occupy an important place in the vocabulary of the Kokshetau version of the famous work of the medieval Sufi poet Khoja Ahmed Yasawi *Divan-i Hikmet*. The article analyzes more than

twenty anatomical names found in *Divan-i Hikmet*, and also provides information about the use of these names in historical monuments, in the languages and dialects of modern Turkic peoples. The article examines in detail such anatomical names as: *ağız* «mouth», *arka* «back», *ayaq* ~ *ayağ* «foot», *bağır* «liver», *baş* «head», *bel* «waist», *boyun* «neck», *iç* «belly», *egin* «shoulder», *elig* ~ *el* «hand», *kol* «hand», *kög(ü)s* «chest», *köz* «eye», *kulak* «ear», *öpke* «lung», *saç* «hair», *sağal* «beard», *süngek* «bone», *til* «tongue», *uça* «back, shoulder blade», *yürek* «heart», *yüz* «face». The article pays attention to the phonetic phenomena that occur in some names, along with this, when describing the use of each name in the Turkic languages, both semantic and personal aspects are compared. Along with this, a comparative-scientific analysis of the opinions of scientists in connection with the creation and formation of some names was carried out. The author studies the direct and indirect meanings, as well as the polysemantic meaning of some names. In addition, the article describes the meanings and features of the use of somatisms in the Turkic languages that occur in the language of the monument, i.e. phraseological expressions from anatomical names.

Keywords: *Divan-i Hikmet*, the version of Kokshetau, the anatomical names, body parts, somatisms.

Кіріспе

Қазіргі ғылым тілінде қолданылып жүрген анатомиялық атаулардың басым көпшілігі латын және грек тілдерінен енгенімен түркі халықтары өздерінің күнделікті өмірінде ең көнеден бері кездесетін төл сөздерін пайдаланып келеді. Жалпы көптеген тілдердің күнделікті өмірінде шет тілінен енген анатомиялық атауларды қолдану сирек кездеседі десек болады. Мұның себебін түрік ғалымы Али Акар «сөздердің мағыналық топтарының бірі саналатын орган аттары адам баласының ең алғаш атау берген сөздерінің қатарына жатады. Сондықтан оларды өзге тілден алу мүмкіншілігі өте аз» деп түсіндіреді [1, 60-б.]. Ал Ә. Қайдаров пен М. Оразов «Туыстық қатысты білдіретін сөздер сияқты дене мүше атаулары да – тілдің лексикалық қорының ең көне қабаттарының біріне жатады. Олардың біразы түркі-монғол тілдеріне ортақ» [2, 117-б.] екенін айтады.

Сол секілді түркі тілдерінің кейбірінде кездесетін *жигер*, *келле*, *қафа*, *қалп* секілді бірен-саран араб-парсы сөздерін былай қойғанда анатомиялық атаулардың көп бөлігі түркизмдерден тұрады. Ал анатомиялық атаулардың түркілік қабаты өте көне замандарға барып тіреледі. Айталық, *аяқ*, *қол*, *бас*, *ауыз*, *мұрын*, *арқа*, *бел*, *көз*, *құлақ*, *мойын*, *қас* т.б. секілді қазіргі тілдерде қолданылып жүрген анатомиялық атаулардың көпшілігі аздаған дыбыстық ерекшеліктерімен түркі тілдерінің көне ескерткіштерінде де кездеседі. Түркі тілдерінде бұл секілді *қарын*, *құғұрсақ* «құрсақ, асқазан», *йарын*

«йық», *адұт* ~ *авут* ~ *авуч* «уыс, алақан», *айа* “уыс, алақан”, *азақ* ~ *айақ* ~ *адақ* «аяқ», *азық* «азу тіс», *ернек* «тырнақ», *өзек* «бел тұста орналасқан тамыр», *топық* «тобық», *төш* «төс», *үмгүк* «нәрестенің басының төбесіндегі жұмсақ бөлігі, еңбек», *өкче* «өкше», *тамар* «тамыр», *тірсек* «тірсек», *тіз* «тізе», *тамақ* «тамақ», *сүңөк* ~ *сүйек* «сүйек», *алын* «маңдай», *бейин* «ми», *билек* «білек», *бөгүр* «бүйір», *бөкшмен* «бүйір», *ичеһ* «ішек», *үгин* «ауыз», *күндүк* «кіндік», *балдыр* «балтыр», *быйық* «мұрт, миық», *боғаз* «тамақ», *чеңе* «жақ», *чигин* «йық», *емчек* «емшек», *еңсе* «еңсе, желке», *үйлүк* «сегізкөз», *йаңақ* «бет, жүз» секілді жүздеген сөздерді кездестіруге болады. Бұлардан бөлек қазіргі түркі тілдерінде көптеген анатомиялық атаулар бар. Алайда бұл атауларды тілдік тұрғыдан зерттеген ғылыми еңбекті таба қою қиын. Сондықтан бұл тақырыптың зерттелуі бүгінгі күннің талабы деуге болады. Әрине, бұл – арнайы алып, бір монографиялық жұмыста қарастырылатындай (яғни бүкіл түркі тілдеріндегі анатомиялық атауларды алып, оларды тұлғалық әрі мағыналық жақтан талдау жасалатын болса) ауқымды бір тақырып. Мұндай ауқымды жұмысты келешекте қолға алуды да мақсат етіп отырған жайымыз бар. Ал бұл мақаламызда тек «Диуани хикметтің» Көкшетау нұсқасының сөздік қорында саны жағынан да, сапалық жағынан да айтарлықтай үлесі бар анатомиялық атауларды саралауды мақсат етіп отырмыз. Талдау барысында салыстырмалы, әрі салғастырмалы, баяндау әдістерін негізге аламыз. Яғни «Диуани хикметте» қолданылған жиырмадан аса анатомиялық атаудың түркі тілдеріндегі варианттарына, дыбыстық және мағыналық ерекшеліктеріне байланысты ғылыми дәлелдер мен негіздеме беріп көзделеді. Ол үшін түркі тілдерінің сөздік қорын танытатын сапалы сөздіктер мен дереккөздер пайдаланылады.

Анатомиялық атаулардың құрамы

«Диуани хикметтің» Көкшетау нұсқасының сөздік қоры орта ғасырлық ескерткіштер секілді үш қабаттан тұрады. Олар; араб тілінен енген сөздер, парсы тілінен енген сөздер және түркизмдер. Алайда біздің мақаламыздың өзегіне айналып отырған анатомиялық атаулардың арасында араб сөздерінің кездеспейтінін атап өтуіміз керек. Сонымен «Диуани хикметтің» Көкшетау нұсқасында адам дене мүшесіне қатысты жиырма алты атау қолданылған. Олардың бесеуі, атап айтқанда: *جیگر* *жигер* «бауыр, жүрек» (32b/8), *سر* *сер* «бас» (45a/8), *بی* *пәй* «аяқ» (51b/10), *دیده* *дйде* «көз» (86a/6), *леб* «ерін» (18b/2) сөздері парсы сөздері, ал қалғандары тек түркі сөздері. Олардың

арасында монғол тіліне ортақтары және түрік тілінен басқа тілге өткендері де бар. Ендеше осы ескерткіш тіліндегі түркі тілдеріне тән анатомиялық атауларға әрі мағыналық, әрі тұлғалық жақтан талдау жасап, белгілі бір қорытындылар жасауға тырысайық. Жалпы, «Диуани хикметтің» біз қарастырып отырған нұсқасында түркі тілдеріне тән анатомиялық атаудың саны жиырма екіге жетеді. Олар: *ағыз*, *арқа*, *айақ* ~ *айағ*, *бағыр*, *баш*, *бел*, *бойұн*, *ич*, *егин*, *елиг* ~ *ел*, *қол*, *көз(ү)с*, *көз*, *құлақ*, *өпке*, *сач*, *сақал*, *сүнгек*, *тыл*, *ұча*, *йүрек*, *йүз*. Міне, ескерткіш тілінде анатомиялық атаулардың көптеп кездесуі және олардың хикметтерде қолданылған көркемдік тәсілдерге айтарлықтай үлес қосып тұруы көңіл аудартпай қоймайды. Сондықтан бұл тұста ескерткіш тілінде кездесетін анатомиялық атаулардың атын атап қана өтпей, олардың дыбыстық және тұлғалық ерекшеліктеріне, қолданыстарына, мұндай атаулар кездесетін фразеологиялық тіркестерге байланысты жеке-жеке саралауға тура келеді. Онда алфавиттік ретпен бастайық:

ағыз (اغيز): ауыз

Кейбір дереккөздерде көне жазба ескерткіштері тілінде бұл сөздің *ағаз* ~ *ағыс* секілді нұсқалары да қолданылғанын көрсетеді [3, 47-б.; 4, 6-7-б.]. Орта ғасырлық ескерткіштер тілінде бұл сөз дыбыстық жақтан көнелігін сақтағанын көреміз [5, 10-11-б.; 6, 8-б.]. Ал көне қыпшақ тілінде бұл сөздің *ағыз* түрімен бірге *авыз*, *аһз* сондай-ақ әдеттегідей сөздің құрамындағы /г/ дауыссызы /у ~ в/-ға алмасқан түрлері де кездеседі [7, 45-б.; 8, 17-б.]. Ал қазіргі тілдерде бұл сөз *ағиз* (өзбек) ~ *ағыс* (лобнор) ~ *агуз* (Керкүк) ~ *а:з* (түрік, гагауыз) ~ *а:с* (тува, хакас) ~ *авыз* (түрік диалектілері, ноғай) ~ *ауыз* (қазақ, қарақалпақ) ~ *авыз* (башкұрт) ~ *авуз* (қарайым, құмық) ~ *ауз* (қырғыз, қазақ, татар) ~ *о:з* (қырғыз) ~ *о:с* (алтай) ~ *у:с* (алтай) ~ *ағиз* (узбек) ~ *егиз* (ұйғыр) ~ *азыг* (лобнор) ~ *уос* (якут) ~ *савар* (чуваш) секілді тілдердің өзіндік ерекшелігіне қарай әртүрлі дыбыстық өзгерістерге ұшырағанын көреміз [9, 81-б.; 10, 55-б.].

Ал мағыналық жақтан бұл сөздің әу бастан қазіргі қазақ тіліндегі секілді «адамның, жан-жануардың тамақтанатын және сөйлеуге арналған мүшесі, дыбыстау аппараты» мағыналарымен қоса «бір нәрсенің ашық жағы», «бір нәрсенің кіріп шығатын немесе басталар жері», «жараның, ісіктің ашылған жері; үстіңгі жағы, беті» мағыналарында жұмсалған десек қателеспейміз деп ойлаймын.

«Диуани хикметте» тұлғалық жағынан көнелігін сақтаған бұл сөз бір ғана мысалда кездеседі. Көріп отырғанымыздай, бұл мысалда да *ağыз* сөзі анатомиялық атау ретінде, атап айтқанда ең негізгі сөйлеу мүшелерінің бірі ретінде қолданылады. Мысалы:

lā-ilāhe illa 'llāh degen ҡulnı ağzıdın/ bir yaşıl ҡuş yañlıg bolup uçar ərmiş (70a/8).

arqa (ارقه): арқа; артқы жақ

Кейбір ғалымдар бұл сөзді түркі тілдеріндегі *art* сөзімен байланыстыра отырып, қазіргі монғол тілінде сақталған *ap* «арт; солтүстік, кітап бетінің артыңғы беті» түбіріне барыс септігінің жалғануы арқылы жасалған деген пікір білдіреді [9, 175-б.; 11, 42-б.]. Алайда анатомиялық атау ретінде адамның белінен желкесінен дейінгі артыңғы бөлігінің атауын білдіретін бұл сөз көне түркі тілінде де кездеседі және дыбысталуы жағынан да бүгінгі қазақ тіліндегіден айырмашылығы жоқ [12, 145-б.]. Дереккөздеріне сүйенсек, орта ғасырлық Қарахан, Хорезм, Анадолы ескерткіштерінде де бұл сөз дыбыстық жақтан қандай да бір өзгеріске ұшырағанын көрмейміз. Тек кейбір деректерде көне қыпшақ мәтіндерінің ішінде тек «Кодекс кумникуста» *арха* түрінде жазылғанын көрсетеді [8, 10-б.]. Ал қазіргі түркі тілдерінің кейбірінде *арқа* сөзінің аздаған тұлғалық жағынан өзгерістерге ұшыраған *арха ~ айқа ~ ақа ~ арға ~ йарһа* секілді тұлғалары да кездеседі. Сонымен бірге бұл сөз түркі тілдерінде мүше атаулары ретінде «арқа», «желке», сондай-ақ «жануарлардың жон арқасы», «жамбас бөлігі» мағыналарын білдіреді. Бұдан өзге «артқы жақ», «киімнің арқасы мен жеңінің қосылған бөлігіндегі тігіс», «солтүстік, сол жақ», «батыс, батысқа, батыста», «беткей, бел», «тірек, қолдау», «жақтаушы, қорғаушы, қамқоршы, көмекші», «нәсіл; ұрпақ, үрім-бұтақ», «жалғасы», «ұлылық, айбындылық», «өткен уақыт, кезең», «кейбір дарынды адамдардың бойындағы лап етпе қызбалық, ұшқырлық т.б. ерекше еліргіштік қасиет» секілді ауыспалы мағыналары да бар [9, 174-б.; 13, 119-б.; 14, 611-б.].

«Диуани хикметте» бір ғана мысалда кездесетін *арқа* сөзі анатомиялық атау ретінде, атап айтқанда адамның ту сыртының белден бастап йыққа дейінгі дене мүшесінің атауы ретінде қолданылған.

'amel ҡılмай һālni oқуу oқуу ҡalғанlar/ arқasıgа köterür ҡırқ eшекni үükini (29b/2).

ayaq ~ **ayağ** (اياق ~ اياغ): аяқ; бір нәрсенің аяқталған жері, соңы

Анатомиялық атау ретінде адамның жерді басып тұру, жүру,

жүгіру, секіру секілді әрекеттерін қамтамасыз ететін жамбастан төменгі түрлі сүйектерден тұратын бөлігін білдіретін бұл сөздің Орхон-Енисей және көне ұйғыр жазбаларында *адақ* ~ *адағ* [12, 145-б.; 4, 27-б.], орта ғасырлық ескерткіштерінде *адақ* ~ *адағ* ~ *азақ* ~ *азағ* ~ *айақ* ~ *айағ* [5, 94-б.; 6, 5-б.; 8, 2-б.; 15, 24-б.; 16, 30-б.; 17, 6-б.] секілді тұлғалары қолданылған. Ал қазіргі түркі тілдерінің көпшілігінде *айақ* варианты кең таралған. Алайда кейбір тілдер мен диалектілерде *адақ* (тува, қарағас) ~ *айах* (азербайжан) ~ *азақ* (хакас, чулум, сары ұйғыр, башқұрт) ~ *азах* (хакас) ~ *атах* (якут) ~ *хадақ* (алтай) ~ *ура* (чуваш) ~ *оёқ* (өзбек) тұлғалары да бар [10, 91-б.; 9, 103-б.; 18, 33-б.; 19, 26-б.; 20, 24-25-б.].

Түркі жазба ескерткіштерінен және қазіргі түркі тілдерінен алынған бұл мысалдарда /д/ > /з/, /д/ > /й/, /т/ > /д/, /д/ > /й/ > /р/, /к/ > /ғ/, /к/ > /х/, /қ/ > /ø/, /а/ > /ы/, /а/ > /у/, /а/ > /о/ дыбыс құбылыстары орын алған. А.Н. Самойлович, Р. Рамстед, Т. Текин, М. Рясянен секілді кейбір ғалымдар бұл сөздің осындай дыбыстық ерекшеліктерін негізге ала отырып жоғарыда атап өткеніміздей түркі тілдерін әртүрлі топтарға бөледі [2, 197-б.; 18, 30-34-б.]. Бірақ *айақ* сөзінің түркі тілдеріндегі дыбыстық ерекшеліктеріне байланысты ең алғаш М.Қашқари сөздігінде айтылғаны белгілі. М.Қашқари бұл сөз жайында ерекше атап өтіп мынадай пікір білдіреді: Ыағма, тохсы, қыпшақ, йабакұ, татар, қай, чомұл және оғыздар бір-біріне ұқсас болып, ð (э) дыбысын әрдайым ъ (й) дыбысына өзгертеді және ешқашан ð (э) дыбысын айта алмайды. Қайың ағашын бұлардан басқалары *қазың*, ал бұлар *қайың* дейді. Түркілердің «туыс, қайынжұрт» мағынасында қолданатын *қазын* сөзін бұлар *қайын* дейді. Сол секілді чигилдер мен басқа түркілерде ð (з) болып айтылатын бұл дыбыс орыс және Рум елдеріне дейін созылып жатқан бұлғар, сувар, йемек, қыпшақ тайпаларының бәрі ј (з) түрінде айтады. Басқа түркілер (чигилдер мен нағыз түркілер) аяқты *азақ*, ал бұлар (қыпшақтардың бір бөлігі, йемеклер, суварлар, бұлғарлар, орыс және рум территориясында мекендейтін тайпалар) *азақ*, қалған қыпшақтар, йабакұлар, татарлар, қайлар, чүмұлдар, оғыздар *айақ* түрінде қолданады [5, 32-б.]. Монғол тілінде де *адағ* болып қолданылатын бұл сөздің этимологиясы жайында әртүрлі пікір бар. Солардың ішінде кең таралғаны *ат-* (*ад-) етістігінен туындаған деген көзқарас [19, 26-б.].

Бұл сөз түркі тілдерінде көпмағыналы сөз ретінде танылып, «адам мен жануарлардың жүріп-тұруына арналған мүшесі», «бір

нәрсенің жерден көтеріп тұратын тірегі, сүйеуіші», «ағын сулардың төменгі жағы», «бір нәрсенің немесе белгілі бір уақыттың біткен тұсы» мағыналарынан басқа түркімен тілінде «пай, үлес» [21, 94-б.], түрік тілінде «баспалдақ», «пұт, өлшем бірлік», «бір адым», «халық өлеңдеріндегі ұйқас», «майлы күресте бес дәреженің бірі» [13, 151–152-б.] секілді мағыналарды білдіріп, түрлі салада қолданылады.

«Диуани хикметте» бұл сөз орта ғасырлық ескерткіштер тіліндегідей әрі *айақ* (2 рет), әрі *айағ* (3 рет) түрінде кездесіп, мағыналық жақтан анатомиялық атау ретінде қолданылады, сондай-ақ «соңы, аяғы» мағыналарын бере отырып *баи* «бас», *илиг* «қол» сөздерімен тіркеседі. Мысалы:

altmış eki yaşda allāh pertev saldı/ başdın *ayağ* ğafletlerim ğa boldı (18a/6).

şermende-min dermānda köptur günāh/ mēn yaşursam ilig *ayağ* barça güvāh (26b/5).

bağır (باغیر): бауыр

Руникалық жазба ескерткіштер тілінде *бағыр* сөзі анатомиялық атау ретінде, сондай-ақ «қап, өкінішті» секілді мағыналарды білдіретін одағай сөз қызметінде жұмсалған [22, 721-б.; 23, 294-б.]. Ал көне ұйғыр мәтіндерінде бұл сөз кей жерде *бағыр*, кейбір жерде *бағар* түрінде қолданылып «бауыр», «қарын», «қойын» секілді адам ағзаларының атауларын білдіруімен қатар бір дәрі-дәрмек атауын, сонымен бірге қазіргі тіліміздегідей туыстық атауды білдіру арқылы көпмағыналы сөз ретінде жұмсалғанын көреміз [4, 31-б.]. Қарахан, Хорезм, көне Анадолы, шағатай, көне қыпшақ түркілерінің ескерткіштерінде де *бағыр* сөзі жиі-жиі кездесіп отырады [5, 59-б.; 24, 53-б.; 6, 41-б.; 8, 21-б.; 25, 405-б.].

Көне қыпшақ тіліндегі кейбір еңбектерде бұл сөздің құрамындағы /f/ дауыссызы қазіргі қыпшақ және Сібір тілдеріндегідей /y ~ v/ дауыссызына алмасқан [8, 25-б.]. Қазіргі түркі тілдерінде бұл дыбыстар одан әрі дами отырып, өзбек тілінде *бовур* ~ *бағир* [26, 190-293-б.], якут тілінде *бйар*, хакас тілінде *пār*, телеуіт тілінде *пұр*, чуваш тілінде *рeвeр*, *pöвeр* түрінде дыбыстала бастаған [10, 103-б.]. Осы тұста қазіргі түркі тілдерінде де бұл сөз адамның (және жануарлардың) бір ғана ағзасының атауын білдірмейтінін атап өткеніміз жөн. Яғни бұл сөз тарихи ескерткіштердегідей бүгінгі түркі тілдерінде «өкпе», «қойын», «бүйір», «жүрек», «ішек-қарын» мағыналарында да қолданылады. «Қазақ әдеби тілінің сөздігінде» берілген мәліметке

сүйенсек те бұл сөздің бірнеше мағынаға ие екеніне куә боламыз [27, 132-б.]. Сонымен бірге бұл монғол тілінде де бар сөз және мағына жағынан да, тұлғалық жағынан да түркі тіліндегіге сәйкес келеді [2, 118-б.].

«Диуани хикметте» он бір мысалда кездесетін *бағыр* сөзі адамның ең нәзік, ең сезімтал ағзасының бірі ретінде бағаланып, ақынның қайғысы мен дертін баяндауға орасан зор қызмет етіп тұр және де бұл сөз қазіргі түркі тілдеріндегідей *бағрым теши-* (9a/11), *ич бағрымны қан қыл-* (54b/10), *бағрың тиши-* (62b/11) секілді түрлі мағынадағы соматикалық фразеологизмдерді құрауға атсалысады. Бұл тіркестер хикметтердің көркемдігі мен әсерлілігін арттыруға қызмет етеді. Мысалы:

köñlüm sınıuq közüm yaşıq qadīm melal/ 'ışq hanceri yürek *bağım* tēšti dōstlar(9a/11).

oşal meyniñ mezesi iç *bağımni* qan qıldı/ bağır qanın aқuzup cānān sarı barsam mēn (54b/10).

ümмет bolsañ kēçe күndüz tinmay yığla/ *bağrıñ* pişip öpkeñ şaşıp yürek dağla (62b/11).

baş (باش): бас; ұш; басшы, көшбасшы

Анатомиялық атау ретінде адам не жануардың ми, көз, құлақ, мұрын, ауыз т.б. органдары орналасқан мүшесінің атауын білдіретін бұл сөз тарихи жазба ескерткіштердің барлығында *баши* болып қолданылады. Ал қазіргі түркі тілдері мен диалектілерінде де *баши* болып қолданылғанымен *баш* (өзбек) ~ *бас* (қазақ, ноғай, қарақалпақ, якут) ~ *бас* (якут) ~ *байши* (қарағас) ~ *ваш* (ұйғыр диалектілері) ~ *паш* (сағай) ~ *паш* (алтай, телеут, шор) ~ *пши* (чуваш) [28, 86-б.] секілді кейбір дыбыстық алмасулар орын алғанымен айтарлықтай өзгеріске ұшырай қоймаған *баши* сөзі *аяқ* сөзі секілді өте көп мағынаға ие. Бұл сөз көне түркі ескерткіштерінде де «бас», «бір қауымның, рудың, топтың әскердің көшбасшысы», «төбе, шыңның ұшы», «өзен, бұлақтың басталған жері», «мезгілдің алғашқы кезі» мағыналарын береді [22, 722-б.]. Қазіргі түркі тілдерінде де кең таралған бұл мағыналарынан бөлек «мал саны», «бірдененің айналасы, маңы», «белгілі бір іс-амалдың ұйытқысы, себепкері» секілді ауыспалы мағыналары да бар [29, 11-б.; 13, 208-б.].

«Диуани хикметте» *баши* сөзі өте жиі кездесіп (44 рет), «адам не жануардың ми, көз, құлақ, мұрын, ауыз т.б. органдары орналасқан

мүшесі», сондай-ақ «жан, рух», «жоғарғы бөлік», «әуелгі, алғашқы», «бірдененің ұшы» секілді мағыналары бар.

baş taşdıķ cān taşdıķ hem ĩmāndın/ bir ü barım dīdārıñnı körer -min mü (13a/11).

dīvāne dēp başın yarıp қанға boyar/ şākir bolup Һamd u şenā aytur dōstlar (71b/7).

hadīceniñ Һudā bahtın açıpdur/ resūlnı başıға dūrler saçıpdur (76a/7).

bel (بل): бел; бір заттың ортаңғы бөлігі

Көне түркі ескерткіштерінде *бел* ~ *бил* түрінде қолданылған бұл сөз қазірге дейін тұлғалық жағынан да, мағыналық жағынан да аса өзгеріске ұшырамаған деуге болады. Атап айтқанда, қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде берілген «адам денесінің арқадан төмен, мықыннан жоғары жіңішке тұсын» білдіруі көне түркі тілінен бері келе жатыр десек болады. Алайда *бел* сөзінің көне түрікшедегі «тау үстіндегі өтуге болатын шұқыр өткел» мағынасы кейбір тілдерде, мысалы түрік тілінде сақталса [13, 235-б.], көптеген тілдерде керісінше, «тау, жон, қыр, жал, адыр секілді жерлерде кездесетін кең асу» мағыналарын білдіреді. Сондай-ақ «бір нәрсенің орта немесе үстіңгі бөлігі», «арқа тұтар таяныш, тірек, сүйеніш» мағыналары да кең таралған [21, 150-б.; 29, 231-б.; 26, 218-б.].

Жоғарыда атап өткеніміздей, тұлғалық жағынан өзгеріске ұшырамаған бұл сөз «Диуани хикметте» жеті рет қолданылған. Барлық мысалда *бағла-* «байлау, буу» етістігімен тіркесіп, соматикалық фразеологизм құрайды. Алайда осы аралықта мына нәрсені де айта кеткенді жөн санап отырмыз. *Бел бағла-* «бел буу, бел байлау» тұрақты тіркесінің түркі тілдерінде әртүрлі мағына беруі назар аударарлық. Мысалы, түрік (*bel bağlamak*), түркімен тілдерінде (*bil bağlamak*) «біреуге немесе бір нәрсеге сену», «біреудің өзіне көмектесетініне сену, үміттену» [21, 150-б.; 13, 235-б.], әзербайжан тілінде (*bél bağlamag*) «дәмелену, үміттену», «сену», «ғашық болу, ұнатып қалу» [30, 80-б.], өзбек (*бел боғламоқ*), қазақ (*бел байлау*) тілдерінде «бір істі орындауға шындап кірісу, ойын жүзеге асыруға батыл беку» мағыналарын білдіреді [29, 231-б.; 26, 218-б.]. «Диуани хикметте» *бел бағла-* тұрақты тіркесі қазақ және өзбек тілдеріндегідей «тоқтамға келу, нық шешімге келу» мағыналарын беріп тұрғаны анық байқалады.

Мысалы:

‘iŝk yolıda ‘āŝık bolup mansūr ötti/ *bēlin* bağlap ḥaḥk ‘iŝknı muḥkem tuttı (3a/9).

közüm yumdum açkunça yètti altmış/ *bēlim* bağlap hīç kılmadım bir yaḥşı iŝ (14b/9).

‘iŝk yolıda kēçe күндüz yığlağanlar/ cāndın kēçip *bēlin* muḥkem bağlağanlar (88a/5).

boyun (نویون): мойын

Көне сөздердің бірі саналатын бұл сөздің көне және орта ғасырлық ескерткіштер тілінде еріндік-езулік үндестігіне бағынатын *бойұн* және бағынбайтын *бойын* варианттары бар [4, 49-б.; 5, 105-б.; 7, 323-б.]. Ал қазіргі түркі тілдерінде қысаң /ү/ ~ /ы/ дауыстыларының ашық /а/ дауыстысына алмасқан *бōйан*, /б/ ұяң дауыссызының қатаңданған *пойұн* ~ *пұйын*, үндіге айналған *мойын* ~ *мойұн* ~ *мойен* ~ *моин* ~ *мұйұн* ~ *мойне* ~ *мұйын* секілді түрлері кездеседі [28, 180-б.; 19, 59-б.]. Бұл сөздің көнеден бері келе жатқан негізгі мағынасы – «дененің бас пен йық арасындағы бөлік» немесе «дененің бас пен кеудені бірлестіретін мүшесі». Сонымен қоса бұл сөздің қазіргі түркі тілдерінде түрлі ауыспалы мағыналары бар. Айталық, түрік тілінде «жауапкершілік» [13, 308-б.], түркімен тілінде «киімнің жағасы» [21, 167-б.], әзербайжан тілінде «тау өткелі», «арба жегілген ат немесе өгіз» секілді мағыналарда қолданылады [30, 107-б.].

Бойұн сөзі «Диуани хикметте» төрт рет қолданылып, бұл мысалдардың барлығында *сүн-* «ұсыну» етістігімен бірлесіп, фразеологиялық тіркес құрайды. Жалпы, бұл тіркес қазіргі түркі тілдерінің қолданысында да бар. Әрі мағына жағынан бір-бірінен айтарлықтай айырмашылығы да жоқ. Мысалы, түркімен тілінде *бойұн сын-* тіркесі «бас ию, қарамағына өту» [21, 167-б.], қазақ тілінде *мойынсүн-* ~ *мойынсын-* «бір нәрсеге көну, көндігу, бағыну», «келісу», «мойнына алу, растау, мойындау» мағыналарында қолданылады [31, 267-б.]. «Диуани хикметте» де осы мағына аңғарылады. Сонымен қоса «мойын ию», «тағзым қылу», «сыйыну» мағыналары да жоқ емес.

Мысалы:

zālim eger kılsa cefā allāh dēgil/ ilgiñ açıp du‘ā eylep *boyun* sunğıl (15b/3).

fettebi’ū āyetiga *boyun* sundum ērse/ ve nehennefse anil hevā kıyodum ērse (67a/9).

іç (چ): іш; жүрек; ниет, көңіл

Көне түркі жазба ескерткіштерінде де кездесетін бұл сөз қазірге дейін тұлғалық ерекшелігін аса өзгерте қоймаған. Қазіргі түркі тілдерінде бұл сөздің құрамындағы кейбір дыбыстардың алмасуы арқылы қалыптасқан *и:ч ~ еч ~ иш ~ іш ~ и:с ~ іс ~ иң* т.б. түрлері бар. Бұл жерде көріп отырғанымыздай, айтылу жолына қарай шұғыл /ч/ дауыссызының ызың /ш/ дауыссызына (*ич > иш ~ іш*), екінші баспалдақ ретінде /ш/ дауыссызының /с/-ға (*иш ~ іш > и:с ~ іс*), аффрикат /ч/ дауыссызының басқа бір аффрикат дауыссызы /ц/ дыбысына (*ич > иц*), созылыңқы /и/ дыбысының қысқа /і/ дауыстысына (*ич > іш*), қысаң /и/ дыбысының жартылай ашық /е/ дауыстысына алмасу құбылысы орын алған.

ич сөзінің көне түркі жазбаларында «бір нәрсенің ішкі бөлігі», «саяси орталық», сондай-ақ анатомиялық атау ретінде «іш, қарын, асқазан» мағыналарын бергенін көреміз [22, 729-б.]. Қазіргі түркі тілдерінде бұл сөздің «адамның ішкі жан-дүниесі, көңілі», «жүрек», «мазмұны», «құрамы» мағыналары да бар. «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде» бұл сөздің «ішек-қарын орналасқан мүше, құрсақ», «бір нәрсенің ішкі жағы, ортасы, арасы», «жаны болмысы, жүрегі», «көкей, ой, сезім», «астар, астыртын мән, тереңдегі мазмұн» мағыналарын беретінін жазады [32, 737-б.].

«Диуани хикметте» жалпы түркі тілдеріндегідей *ич* түрінде қолданылады. *ич* сөзі ескерткіш тілінде қолданылған он бір мысалда да (*ичінде, ичре* секілді туынды сөзді қоспағанда) «адамның ішкі жан-дүниесі, жүрегі» мағыналарын беретінін көреміз. Сонымен қоса ескерткіш тілінде бұл сөз *ичи күй-* «шер тұту, іш құса болу, уайымдау» (76a/10), *ич бағрымны қан қыл-* «қапалану, қайғыру» (54b/9) секілді фразалық тіркестердің құрамында қолданылады.

ḥarām şübhe terk étiben içiñ dağla/ zālimlerge yüz miñ belā bērdim mene (5b/8).

oşal meyniñ mezesi iç bağrımni қан қıldı/ bağır қанin ақузup cānān sarı barsam mēn (54b/9).

hadīce köñlide anı süyedür/ muḥammed ‘ışkıda içi küyedür (76a/10).

egin (ایکین): йық, арқа

Көне ұйғыр мәтіндерінде *егин ~ енгин* [4, 69-72-б.], орта ғасырлық ескерткіштерде *егин ~ ейин* [5, 171-б.; 6, 115-б.; 8, 79-б.], қазіргі түркі тілдерінде *егин ~ игин ~ иң ~ иін ~ ĩn ~ еңин ~ иән ~ ан* [19, 130-б.] секілді түрлері кездесетін бұл сөз «йық, жауырын, арқа»

мағыналарын береді. *eg-* етістігіне *-ин* жұрнағының жалғануы арқылы жасалған бұл сөз қазіргі түркімен, азербайжан тілдерінде қолданыстан түспеген. Ал түрік тілінде көнерген сөзге айналса [1, 119-б.], қазақ тілінде қолданылу жиілігі төмендеген деуге болады. Сонда да болса қазақ тілінде *uın* болып дыбысталатын бұл сөз тұрақты тіркестер мен біріккен сөздердің құрамында сақталумен қатар (*uın тіресу, екі uінінен демалу uın ағаш* т.б.) кейбір көркем шығармаларда кездесіп отырады [33, 401-б.].

«Диуани хикметте» *егин* «йық, арқа» сөзі бір мысалда кездеседі, ол мысалдан көріп отырғанымыздай бұл сөздің құрамындағы дыбыстар қандай да бір өзгеріске ұшырамағанына куә боламыз. Мысалы:

riḥlet kılsa çürük *egni* aña kefen/ hıziṛilyās ḥulle tonın seçer bolğay (41a/10).

elig ~ el (ایل~ایلیک): қол

Түркі тілдерінің ең көне мәтіндерінде *илиг ~ елиг* түрінде кездесетін [4, 71-б.; 22, 314-б.; 34, 339-б.] бұл сөз орта ғасырлық ескерткіштер тілінде мағыналық ерекшеліктерін сақтаған. Кейбір еңбектерде *илиг ~ елиг* сөзінің соңғы дыбыстары еріп *или ~ ели* тұлғалары қалыптаса бастағанын көреміз. Ал қазіргі түркі тілдерінде бұл сөздің *илиг ~ елиг > или ~ ели* тұлғалары дами келе *илик ~ елик ~ әл ~ ел ~ ил ~ ал* түрлері қалыптасқан [35, 169-б.; 9, 260-б.]. Бұл тұста ұяң /г/ дауыссызының қатаңдану, /г/ дауыссызының керісінше, одан әрі жұмсара түсіп еру, одан әрі сөздің екінші буынындағы /и ~ і/ дауыстыларының элизияға ұшырау, /е ~ и/ дауыстыларының ашық /ә/, сондай-ақ жуан /а/ дауыстысына алмасу құбылыстары орын алғанын көреміз.

елиг ~ илиг сөзі көнеден бері анатомиялық атау ретінде «қол» мағынасын білдіреді [22, 314-б.; 5, 174-б.]. Ал қазіргі түркі тілдерінде бұл сөз бірнеше мағынаға ие десек болады. Бұл жайлы Э. Севортянның «Сөздігінде» де көрсетіледі. Яғни қазіргі түркі тілдерінде бұл сөздің «қол», «қолдың сүйегі», «саусақ», «алақанның көлемі», «сап, тұтқа», «күш, қуат», «кепіл, кепілдік», «себеп, уәж, сылтау», «қатысу, қатынасу», «қызығушылық», «кезек, жүріс», «рет, мәрте», «телім, үлес», «темірдің кішкене бөлшегі» мағыналары бар көрінеді [9, 260-б.]. Демек, бұл сөз түркі тілдерінің көбісінде анатомиялық атау ретінде қолданылғанымен әртүрлі мүше атауын білдіретінін көрсетеді. Мысалы, түрік, түркімен тілдерінде бұл сөз «қолдың білектен саусақ

ұшына дейінгі ұстауға және жұмыс істеуге арналған бөлігі» мағынасын білдірсе [21, 345-б.; 13, 615-б.], ұйғыр тілінің кейбір диалектілерінде «саусақ» мағынасын береді [9, 260-б.]. Демек, қазақ тіліндегі *ели* сөзі «ұзындықты, қалыңдықты білдіретін саусақтың көлденең ені (өлшем мөлшері, өлшеу бірлігі) мағынасы да осы сөзден шыққандығын көрсетеді [36, 249-б.].

«Диуани хикметте» бұл он бір жерде *елиг*, бір мысалда *ел* түрінде қолданылады. барлық мысалда да бұл сөздер анатомиялық атау ретінде «қол» мағынасын білдіреді. Мысалы:

şermende-min dermānda köptur/ günāh mēn yaşursam *elig* ayaq barça güvāh (26a/5).

h^vāce aḥmedni āştīsin *il* urmadıñ āştīsin/ çün kılmadıñ hīç āşt ī sēn ḥaqq yādni ayğıl mudām (46a/5).

müşkildür ‘āşī bende ümmet dēmes anda muḥammed/ rüsvā bolur maḥşerde *ilig* tutmas muḥammed (86a/5).

қол (قول): қол, білек

Көне түркі тілінен бері сөз басындағы /к/ дыбысының ұяңданған (азербайжан, түркімен: *зол* ~ *зол*), дауыстысының аздап қысқанданған (татар: *қул*, кашқай: *құл*) кейбір түрлері болмаса [10, 534-б.], дыбыстық ерекшелігін сақтаған бұл сөз түркі тілдерінде анатомиялық атау ретінде «адамның иықтан саусақ ұштарына дейін созылған бөлігін» білдіреді. Сонымен бірге көпмағыналық қасиеті басым бұл сөздің «сойылған малдың алдыңғы аяғының жоғарғы бөлігі», «ағаш, бұта секілді өсімдіктердің бұтағы», «бөлім, тарау», «қолтаңба, құжатқа қойылған жеке адамның белгісі», «бөлім, филиал», «киімнің жеңі», «үйдің қабырғасы», «сөз», «бөлшек», «сап, тұтқа», «сала», «әскер», «топ, группа», «тәртіп, жүйе» т.б. көптеген мағыналары бар [37, 9-б.; 13, 1197-б.; 30, 380-б.; 21, 448-б.].

«Диуани хикметте» *қол* сөзі өте жиі кездеседі, атап айтқанда, қырық жеті рет қолданылған. Барлық мысалда да анатомиялық атау мағынасын береді. Мысалы:

eyā dōstlar pāk ‘ışqı *kolğa* aldım/ bu dūnyāni duşmān tutup yürdim mene (3a/4).

allāh dēdim lebbeyk dēp *kolum* aldı/ bir ü barım dīdārıñni körer-min mü (13b/4).

қollarıға çiy tīğlık ‘aşā alur/ başlarıға destārını kette қılır (33b/7).

қулақ (قولاق): құлақ

Анатомиялық атау ретінде «есту органы» саналатын бұл сөз көне

түркі жазбаларында *құлқақ* ~ *құлғақ* ~ *құлақ* секілді дыбысталуы жағынан ерекшеленетін үш варианты кездеседі [22, 314-б.; 4, 185-б.]. Бұлардан бөлек орта ғасырлық ескерткіштердің ішінде Диуани лұғат ит-түркіте *құлхақ* [5, 375-б.], Кодекс куманикусте *құлағ* тұлғасы да қолданылған [8, 162-б.]. Мұнымен қоса бұл сөздің қазіргі түркі халықтарының жазба тілі мен диалектілерінде *қылақ* ~ *құлах* ~ *құлаһ* ~ *құла'* ~ *құла:* ~ *қолақ* ~ *көлук* ~ *қылақ* ~ *ғұлақ* ~ *холах* ~ *құла:қ* ~ *құлға:қ* ~ *хәйха* секілді варианттары кездеседі [38, 123-б.].

Көпмағыналы сөздердің бірі ретінде бұл сөздің «есту», «бас киімнің құлақты жауып тұратын бөлігі», «шүріппе», «құлақбау», «соқа діңгегі», «бұлақтың көзі», «саз аспабының күйін дұрыстауға арналған бөлшегі», «желбезек», «әуеннің дұрыстығын тани білу және бағалай алу қасиеті», «тұрмыстық заттардың ұстауға арналған жері, тұтқасы», «шет, жиек» секілді бірнеше мағынасы бар [38, 123–124-б.; 39, 283-б.; 13, 1248–1249-б.; 30, 405-б.].

«Диуани хикметте» *құлақ* сөзі жеті рет қолданылады. Жеті мысалда да анатомиялық атау мағынасы бар. Алайда көбіне ескерткіш тілінде *құлақ* сөзі *ал-*, *сал-* етістіктермен тіркесіп, қазіргі қазақ тіліндегідей «зейін қойып тыңдау, айтқандарды екі етпей орындау» секілді мағыналар беретін *құлаққа ал-*, *құлақ сал-* секілді соматикалық фразеологизмдер құраған. Сонымен бірге ескерткіш тілінде бұл сөзден жасалған «зерек, сұңғұла» мағынасындағы *құлақлық* (53b/3) сөзі кездеседі. Мысалы:

yoldın ıır azganımnı bilmedim mn/ a szini *ulaıma* almadım mn (28a/6).

ey dstlar bu szıma *ula* salgıl/ 'ail rse mutafaı er'in tutgıl (33b/11).

kll yevm biter d edi a mutafa/ mmet bolsan salgıl *ula* ehl-i vef (72b/11).

ma'nsıa tgen alur and u 'asel/ ın ulalı tliblerge aysam mu kin (53b/3).

kg()s (كوكس): төс, көкірек, омырау, құшақ

Көне түркі ескерткіштерінде «кеудеге киюге арналған сауыт» мағынасын беретін *көкүзмек* [23, 304-б.] сөзінде көрінетін бұл сөз көне ұйғыр мәтіндерінде *көгүс* ~ *көгүз* ~ *көкүз* түрінде қолданылады және бұл сөзден *көгүзлүг* ~ *көгүслүг* «терең ойға батқан», *көкүзлүг* «сезімтал, мейірімді» сөздері жасалған [40, 282-б.; 4, 114–115-б.; 41, 583-б.]. Орта ғасырлық түркі ескерткіштерінде бұл сөз әрі тұлғалық,

әрі мағыналық жақтан көнелігін сақтаған [11, 84-б.; 5, 356-б.; 6, 258-б.; 7, 723-б.]. Ал қазіргі түркі тілдерінде *көгис* ~ *когус* ~ *көкс* ~ *көксү* ~ *көск* ~ *коск* ~ *көксе* ~ *көкса* ~ *гөвүс* ~ *көгүспек* секілді көбіне метатеза орын алған тұлғаларымен қоса түркі тілдеріндегі /з/ ~ /р/ дыбыс сәйкестігін еске түсіретін *көкүр* > *көкүрук* ~ *көкрек* ~ *көкірек* ~ *күкрек* ~ *кәкәр* т.б. [10, 376-б.] варианттары да бар.

Демек, соңғы мысалдардан көріп отырғанымыздай *көгүс* және *көкірек* сөздерінің тұлғалық жақтан да мағыналық жақтан да бір-біріне байланысы бар. Яғни *көгүс* ~ *көгүз* ~ *көкүз* сөзінің көне ұйғыр тіліндегі негізгі мағынасы «көкірек, төс, омырау», сондай-ақ «жүрек» мағынасын береді [4, 114-б.]. Бұл мағыналары қазіргі түркі тілдерінде де сақталған. Мысалы, түркімен тілінде де *гөвүс* түрінде қолданылатын бұл сөз түркімен тілінің сөздіктерінде «кеуде мен қарын аралығындағы бөлігі, көкірек, төс, құрсақ» [21, 478-б.], түрік тілінің сөздігінде *гө:с* сөзіне «кеуденің мойын мен қарын арасындағы және жүрек, өкпе т.б. органдар орналасқан бөлігі» [13, 771-б.], қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде *көкірек* сөзіне «адамның немесе жануардың мойнынан бастап қарнына дейінгі денесінің алдыңғы бөлігі» деп береді [42, 250-б.]. Бұдан өзге «омырау тұс, кеуде», «емшек», «көкірек тұсындағы органдардың бүкілі», «орталық», сондай-ақ «көңіл-күй», «ақыл, сана-сезім», «менмендік, өзімшілдік, кеудемсоқтық» секілді ауыспалы мағыналары да бар.

«Диуани хикметте» *көг(ү)с* сөзі «кеуде, көкірек» әрі «жүрек, көңіл» мағыналарын бере отырып, алты жерде қолданылған. Барлық жерде өзінен соң тәуелдік жалғауы келгендіктен екінші буындағы дауысты элизияға ұшыраған. Мысалы:

kögsüñdeki ықан āheng ‘arşқа yeter/ ol sebebdin ḥaқа sığnıp keldim mene (8a/4).

seherlerde çār zarb urup *kögsün* teṣti/ yelip yügürüp irenlerge yetalmasmın (66a/8).

e’üzü bi’llahi mine’ş-ṣeytāni’r-racīm dedim/ *kögsümdeki* güm-rāhlarım açar mu kin (85b/1).

köz (كوز): көз, жанар

Түркі тілдерінің бүтін кезеңдерінде кездесіп қана қоймай, тұлғалық жақтан аса өзгеріске ұшырамаған бұл оғыз тобы тілдерінде *гөз* түрінде қолданылады. Сонымен бірге кейбір түркі халықтарының жазба тілі мен диалектілерінде бұл сөздің *коз* ~ *кө:з* ~ *гөз* ~ *күз* ~ *к’ез* ~ *күйз* ~ *қоз* ~ *қүз* ~ *күс* ~ *қус* тұлғалары кездеседі [43, 60-б.]. Байқап

отырғанымыздай, бұл сөздің бірінші дыбысы /к/ дауыссызы ұяң /г/-ға, немесе одан әрі қатандана түсіп /к/-ға, жартылай ашық еріндік /ө/ дауыстысы өзіне ұқсас, бірақ қысаң /ү/-ге, немесе жартылай ашық /о/-ға, немесе жартылай ашық езулік /е/-ге, немесе дифтонг /үй/-ге және соңғы ұяң /з/ дауыссызы қатаң /с/-ға алмасу құбылысы орын алған.

Бұл сөздің адамның не жануарлардың көру мүшесінің атауы ретіндегі негізгі мағынасы көнеден бері келе жатыр. Алайда бұл сөздің одан басқа «көзқарас, ұстаным», «қайнар, бұлақтың бастауы», «тесік, қуыс», «жиһаздың тартпасы, суырмасы», «ағаштың бұтақ шыққан жерлері», «бөлім, бөлме», «жараның аузы» «мылтықтың оқпаны», «терезенің шыны салынатын жері», «бөлік, бүтіннің бір бөлігі», «таразының табағы», «қақпа, есік», «шұқыр, ор», «түр-түс», «шет», «қадақ (өлшем бірлік)», «әсемдеп жасалған дөңгелек, ою-өрнек, шеңберлі әшекей», «нәрсенің өзі», «адам, жан», «өткеннен қалған, өткеннің тұсында болған нәрсе», «ақыл, ес, сана», «иненің жіп өткізетін тесігі», «белгілі бір нәрсенің алынатын орны, қоры», «алды, көз алды» секілді ауыспалы мағыналары бар [13, 786–787-б.; 21, 479-б.; 43, 61-б.; 42, 174-б.].

«Диуани хикметте» бұл сөз жалғыз басына қырық төрт рет, *йаш* «жас, көздің жасы» сөзімен он үш рет қолданылған. Жалғыз басына қолданылғанда *көз* сөзі тек анатомиялық атау ретінде ғана емес, «бір нәрсенің қайнар көзі», «сана, ой, ақыл» мағыналарында да қолданылғанын көреміз. Сонымен бірге ескерткіште құрамында *көз* сөзі кездесетін *көзге ілме*- «назар аудармау» (33b/1), *көзім ой*- «көп жылау» (13a/6), *көз ілме*- «ұйықтамау, көз ілмеу» (38b/5), *көз тойма*- «көз тоймау, қанағат етпеу» (6b/2) секілді фразалық тіркестер де қолданылған. Мысалы:

şabîh eylese ‘aşıqları qabûl kılmaz/ hûr u ğilmân cennet bërse közge ilmes (20b/11).

haqq tilep der-gâhıġa lâyıqqılıġay/ zâhir ü bâtın velîlerni közi bolġay (21b/11).

seherlerde yıġlap tökey qanlar közdin/ könlüm açqıl āġâh bolay yaġşı sözdin (22b/6).

өрке (اوپكه): өкпе; реніш

Тарихи ескерткіштер тілінде де бұл сөздің *өтке* ~ *өбке* ~ *өвке* ~ *өфке* ~ *өүке* ~ *өйке* ~ *өйкен* секілді варианттары кездеседі [4, 152–155-б.; 12, 154-б.; 5, 451–460-б.; 24, 52-б.; 35, 388-б.; 7, 1098-б.; 8, 209-б.]. Э. Севортянның сөздігіне сенсек қазіргі түркі тілдері мен

диалектілерінде де бұл сөздің *өпке* ~ *өпге* ~ *өбке* ~ *өфке* ~ *өвке* ~ *өфхе* ~ *үпкә* ~ *өфке* ~ *евге* ~ *епке* ~ *өкпе* ~ *өкпә* ~ *өкпө* ~ *өхбе* ~ *өхпе* ~ *өйфе* ~ *өхмә* ~ *өйке* ~ *өйкө* ~ *өйге* ~ *ө:кө* ~ *ө:ке* ~ *өкген* ~ *өвкен* ~ *өйкен* ~ *өйген* ~ *өйкун* ~ *өфкен* ~ *өрке* секілді дыбыстық жағынан түрлі варианттары кездеседі [9, 540-б.].

Көріп отырғанымыздай, бұл жерде езулік дауыстының еріндік дауыстыға (сөз басындағы $\text{ө} > \text{е}$), керісінше, еріндік дауыстының езулікке (сөз соңындағы $\text{е} > \text{ө}$), қатаң дауыссыздардың ұяңға ($\text{п} > \text{б} \sim \text{в} \sim \text{м} \gg \text{й} > \text{:}$; $\text{к} > \text{г}$), кейде керісінше, ұяң дыбыстардың қатаңға ($\text{к} > \text{х}$), бір-біріне еш ұқсамайтын дыбыстардың ($\text{п} > \text{р}$) алмасуы, сондай-ақ метатеза ($\text{п} \diamond \text{к}$), эпитеза (*өпке* \gg *өкген* ~ *өвкен* т.б.) секілді әртүрлі дыбыстық құбылыстар орын алған. Соның ішінде өзіміз білетіндей қазақ тілінің әдеби тілінде бұл сөздің құрамындағы /п/ және /к/ дауыссыздары орын алмастырып, метатеза құбылысына ұшырағандығын көруге болады.

Өпке сөзі тарихи ескерткіштер тілінде «тыныс алу мүшелерінің бірі», «ашу, қаһарлану», «реніш, өкпе» секілді бірнеше мағынаға ие [4, 152–155-б.; 12, 154-б.; 5, 451–460-б.; 35, 388-б.; 7, 1098-б.; 44, 209-б.]. Алайда бұл сөз түрік (*өфке*), түркімен (*өйке*) тілдерінде анатомиялық атау ретінде емес, көне түркі тілінен бері келе жатқан ауыспалы мағынасын сақтап қалған. Атап айтқанда, бұл тілдерде *өпке* сөзі көңіл-күйді білдіретін сөз ретінде дерексіз мағына береді. Дегенмен түрік тіліндегі көңіл-күйге қатысты мағынасы қазіргі қазақ тіліндегіден аздап айырмашылығы бар, яғни «наз, реніш; көңіл қалушылық» мағыналарында емес [44, 110-б.], «ашу, қаһар, ыза, кек, ашыну» мағыналарында қолданылатынын, ал *өкпе* мағынасындағы анатомиялық атау ретінде парсышадағы *жигер* сөзі қолданылатынын атап өту керек [13, 1531-б.].

Ал екі рет қолданылған «Диуани хикметтің» Көкшетау нұсқасында бұл сөз негізгі мағынасында, яғни анатомиялық атау ретіндегі мағынасында жұмсалғанын көреміз. Яғни, ескерткіш тілінде *өпке* сөзі қазақ тіліндегі тыныс алу мүшелерінің бірі *өкпе* мағынасында қолданылады. Бұл тұрғыдан алғанда *өпке* сөзін хикметте қолданылған *жигер* сөзімен синоним ретінде тануға болады (32b/8, 59b/5, 67b/6). Ясауи хикметтерінде *өпке* сөзі ерекше афоризмдік қолданыстардың құрамында келіп, шығарманың эмоциональды-экспрессивті күшін арттырып тұрғанын байқаймыз. Мысалы:

ṭāli‘ körüp қара қоюнı ем қылурлар/ *öpke* тақı ciger бағрın қақарлар а (32b/8).

ümmet bolsañ kеçe күндүз тınмай уйғла/ бағрınñ пішір өркеñ шаşıр үйрек дағла (63a/1).

saç (ساج): шаш

Биологиялық термин ретінде «адамның басына шығатын жіңішке қылдың» атауы саналатын бұл сөз – көне түркі тілінде де *sac*. Бұл сөз орта ғасырлық ескерткіштер тілінде көбіне дыбыстық ерекшелігін сақтайды. Тек көне қыпшақ мәтіндерінің кейбірінде сөз соңындағы шұғыл /ч/ дауыссызы ызың /ш/-ға өзгергенін көреміз [8, 221-б.]. Қазіргі түркі халықтарының жазба тілінде және диалектілерінде бұл сөздің *sac* ~ *sәc* ~ *ca:c* ~ *чач* ~ *шаш* ~ *цац* ~ *чеш* ~ *шеш* ~ *ac* секілді тұлғалары кездеседі [45, 231-б.].

«Диуани хикметте» *sac* сөзі тек бір рет қолданылады. Яғни атап айтқанда, *sac* сөзі «әбден қартаю немесе қайғы-дерттен әбден қалжырау» мағынасын білдіретін *sac сақал көп ақар-* «шаш-сақал әбден ағару» фразеологиялық тіркесінің құрамында жұмсалады. Мысалы: *saç saқalım көр ақардı көñлүм қара/ rüz-ı маһşer раһm ёtmeseñ һälim tebäh* (10a/2).

saқal (ساقال): сақал

Биологиялық термин ретінде адамның не кейбір жануарлардың иегіне шығатын қылдың атауын білдіретін бұл сөз көне түркі жазбаларында да, орта ғасырлық ескерткіштерде де кейбір орфографиялық ерекшелігі болмаса *saқal* түрінде жазылғанын көреміз [4, 194-б.; 5, 483-б.]. Түркі халықтарының қазіргі әдеби тілдері мен диалектілерінде бұл сөздің *saққal* ~ *saғғal* ~ *saхal* ~ *saғal* ~ *saһal* ~ *ca:l* ~ *sal* ~ *сухал* ~ *секел* ~ *сегел* ~ *хақал* секілді кейбір түрлері кездеседі [45, 176-б.].

Түркі және монғол тілдеріндегі мағыналық жақтан да, тұлғалық жақтан да ұқсас сөздердің бірі саналатын *saқal* сөзінің шығу төркіні жайында Ө. Нұрмахамбетов «монғол тілінде де иек астына өсетін түкті, «сахал» сөзі ұғындырса, мұның өзі де оның ертеде «жүн» мағынасын берген «сах» түбірінен өрбігендігін анықтауға себепші. Бір қызығы қалмақ тілінде «сахл» дыбыстық құрамдағы тұлға «мұрт» мағынасында қолданылады» дейді де, бұл сөздің *saқ* түбіріне -ал қосымшасының жалғануы арқылы туындаған деп жорамалдайды [46, 234–237-б.].

Жалпы чуваш тілінде де бұл сөз «мысықтың мұрты» мағынасын білдіреді [45, 176-б.]. Ал «Диуани хикметте» сақал-мұрттың жалпы атауын беретінін аңғаруға болады (жоғарыда *саи* «шаш» сөзін талдаған бөлімге қараңыз). Мысалы:

saç saqalım kör aqardı köñlüm qara/ rüz-ı maḥşer raḥm étmesen ḥālim tebāh (10a/2).

süngек (سونكك): сүйек

Анатомиялық атау ретінде «адамның не омыртқалы жануарлардың қаңқаларын құрайтын түрлі пішіндегі және қатты органдардың» атауын білдіретін бұл сөз көне және орта ғасырлық түркі мәтіндерінде көбіне *сүңүк* ~ *сүнгүк* ~ *сөнгүк* түрінде қолданылады [22, 316-б.; 4, 214-б.; 5, 549-б.; 6, 384-б.]. Шағатайша мәтіндерде *сүңгек* ~ *сүңек* [25, 572-б.; 47, 313-б.], ал көне қыпшақ тіліндегі мәтіндерде *сүңүк* ~ *сөңүк* ~ *сөвек* ~ *сүгүк* ~ *сүмүк* ~ *сүңек* ~ *сүвек* ~ *сүвүк* секілді әртүрлі жазылғанын көруге болады [8, 245-б.]. Қазіргі түркі тілдері мен диалектілерінде қолданылатын бұл сөздің *сүйек* ~ *сүйөк* ~ *сүөк* ~ *сү:к* ~ *сө:к* ~ *сөк* ~ *сөмәк* ~ *совак* ~ *соңақ* ~ *сүмәх* ~ *шивак* ~ *шәмә/ шәм* ~ *хүйек* [45, 384-б.] секілді түрлі варианттарына қарап, сөз дыбыстық жақтан айтарлықтай өзгерістерге ұшырағанын көреміз. Осында көріп отырғанымыздай, қазақ тілінде бұл сөздің құрамындағы /ңг/ немесе /н/ дауыссызы /й/-ге алмасқанын көреміз.

Бұл сөздің анатомиялық атауды білдірумен қатар «жыныс», «тұқым, түр», «өлген адамның денесі, мәйіті», «өне бойы, тұтас дене», «ата-тек, ру» секілді ауыспалы мағыналары бар [45, 384-б.; 31, 396-б.].

Ал «Диуани хикметте» бір рет кездесетін *сүнгек* сөзі «адамның қаңқасын құрайтын сүйек» мағынасында қолданылған. Мысалы:

köterip gürzini urğan süngекler rızeler bolğay / seni düzah sarı etip qılurla(r) ḥükm süzānliq (60b/9).

tl (تيل): тіл

Орхон-Енисей жазба ескерткіштерінде «хабар, мәлімет», «тыңшы» (қазақ, түркімен түрік тілдеріндегі «тұтқын» мағынасы осы көне мағынадан қалған болуы мүмкін) мағыналарын берген бұл сөз көне ұйғыр мәтіндерінде әрі анатомиялық атау ретінде «ауыз қуысында орналасқан дәм сезуге, дыбыстардың шығуына көмектесуге арналған адам мен жануарлардың негізгі дене мүшелерінің бірі» әрі «адамдардың көңілдегі ойларын және сезімдерін жеткізетін қатынас құралы» мағыналарын білдіргенін көреміз [22, 741-б.; 23, 310-б.; 12, 151–156-б.; 4, 239-б.].

Бұл сөз Орхон-Енисей жазбаларында *тил* ~ *тыл*, Қарахан дәуірі ескерткіштерінде *тыл* [5, 615-б.], көне қыпшақ және шағатайша жазбаларда *тил* болып жазылған [8, 275-б.; 25, 586-б.]. Сонымен бірге көне қыпшақ тілінің және көне Анадолы түрікшесінде жазылған кейбір ескерткіштерде қазіргі оғыз тілдеріндегідей *дил* түрінде қолданылған [8, 61-б.]. Қазіргі түркі тілдерінің басым көпшілігінде бұл сөздің *тил* ~ *тіл* ~ *дил* тұлғасы кең таралған. Алайда бұдан өзге *тыл* (якут) ~ *тел* (башқұрт, татар) ~ *дыл* (тува) тұлғалары да бар [10, 280-б.; 19, 112-б.]. Бұл тұста қатаң /т/ дауыссызының ұяң /д/-ға, қысаң /ы/, /і/ дауыссыздарының жартылай ашық /е/-ге алмасқанын көруге болады. Ғылыми еңбектерде берілген бұл мәліметтерге сүйенсек, қатаң /т/ дауыссызының ұяң /д/-ға алмасу құбылысы тек түрік, түркімен, әзербайжан секілді оғыз тобы тілдерінде ғана емес, тува тілінде де көрініс тапқанына куә боламыз.

ти- «деу, айту» етістігінен жасалған бұл сөз қазіргі түркі тілдерінде «сағат, компас секілді заттардың ұзын әрі үнемі қимылдап тұратын бөлшегі», «темір айылбастың жырым бекітілген тиек бөлігі», «бір істі жасаудың жолдары», «үрмелі саз аспаптарының әуен шығаруға қызмет ететін бөлшегі», «теңіздің жағасынан ортасына қарай созылып жатқан жіңішке жер», «жазу стилі, жазу ерекшелігі, өзіндік қолтаңбасы», «әуен, саз» секілді ауыспалы мағыналары да кең таралған [48, 601-б.; 13, 526-б.; 21, 282-б.].

Ясауи хикметтерінде он бес рет қолданылған бұл сөз бір мысалда барыс септігінің жуан дауыстылы формасын алады (تیلغا тылға). Сондықтан бұл сөзді жуан оқуға тура келеді. Бұл жағынан алғанда ескерткіш тілінде *тыл* сөзі көне түркі тіліндегі тұлғалық және мағыналық ерекшелігін сақтаған деуге әбден болады. Мысалы:

kirgey ɣılan birle ɟıyan sorǵan tılıñni bir zamān/ ɟıldım beyān bilgil
'ayāngūr u kefen fikirni ɟıl (45a/5-6).

ente'l-hādi ente'l-haǵnı zikri dīlde/ bilmes nā-dān zikrin ayturlar zāhir
tılda (25a/1).

hū zikrini tılǵa alıp naǵre tartsam/ ɟolum tutup yolǵa salǵıl ente'l-hādi
(24a/4).

уҫа (اوچا): арқа, жауырын

Анатомиялық атау ретінде «арқа», «құйрық», «сегізкөз», «жамбас» мағыналарына келетін бұл сөз көне ұйғыр жазбаларында, сол секілді орта ғасырлық ескерткіштерде, көне қыпшақ жазбаларында кездесіп отырады [35, 604-б.; 4, 260-б.; 5, 682-б.; 8, 291-б.]. Бұл сөздің

құрамындағы қатаң және шұғыл /ч/ дауыссызы қазіргі түркімен тілінде және түрік тілінің диалектілерінде ұяң және ызың /ж/ дауыссызына (ұжа), қазақ тілінде осы дауыссыздың қатаң және ызың /ш/ дауыссызына (ұша) алмасқан варианттары қалыптасқан. Түрік және түркімен тілдеріндегі мағынасы да – «омыртқаның ұшындағы көлденең сүйек» [49, 399-б.; 13, 2025-б.]. Ал қазақ тіліндегі мағынасын түсіндірме сөздікте «екі жамбастың үстіндегі қалың етті омыртқа мен сүбе қабырғалардың жиынтығы; сойылған малдың терісі, бас-сирағы, ішек-қарыны, өкпе-бауырынан басқа бөлігі» деп береді [48, 774-б.].

«Диуани хикметте» бір ғана мысалда кездесетін *ұча* сөзі болса, контекстен «арқа, еңсе» мағыналарын беріп тұрғандығы аңғарылады. Атап айтқанда, *ұчаң сол*- фразалық тіркесінде «еңсесі түсу, бойын тіктей алмау» мағынасы бар екенін байқаймыз. Мысалы:

cānıñ kınapar zaqqūm çeuner ‘āşıq bolğıl/ başıñ oınar uçañ solur bolğıl (88a/1).

yürek (يورك): жүрек, көңіл

Анатомиялық атау ретінде кеуде қуысының сол жағында орналасқан қан айналу жүйесінің ең негізгі мүшесінің атауын білдіретін бұл сөз көне түркі тілінен бері қазірге дейін мағыналық жақтан да, тұлғалық жақтан да аса өзгеріске ұшырай қоймаған. Ғалымдардың айтуынша, *йүр*- «жүру, қимылдау, қозғалу» етістігінен өрбіген бұл сөз қазіргі түркі тілдерінің басым көпшілігінде көне тұлғасын сақтап қалған. Сонымен бірге кейбір тілдерде аздап дыбыстық өзгерістер орын алғанын көреміз: *йүрәк* (өзбек, ұйғыр) ~ *йөрөк* (башқұрт, татар) ~ *жүрек* (қазақ, қарақалпақ, қарашай) ~ *жүрөк* (қырғыз), *йүрөк* (алтай) ~ *чүрек* (шор, сағай) ~ *сүрәх* (якут) т.б. [19, 462-б.; 10, 1194-б.].

Бұл сөздің түркі тілдерінде «иманның тұрағы», «кісінің жан дүниесі, рухани сезімі», «саяси әкімшілік орталық», «қайнар көзі, тірегі», «ғашық, сүйген жар», «көңіл», «күш, қайрат», «ержүректік», «аяу, мейірім таныту», «жүрек пішінді нақыш» секілді ауыспалы мағыналары да бар [50, 636-б.; 21, 512-б.; 13, 2208-б.].

«Диуани хикметте» жалпы түркі тілдеріндегідей *йүрек* деп жазылған бұл сөз жеті рет кездеседі. Бұл мысалдардан байқайтынымыз *йүрек* - қайғы-дертке батырып, қуаныш пен сүйіспеншілікке бөлейтін адамның ең сезімтал мүшесі ретінде суреттеледі. Сонымен бірге *йүрек* сөзі ескерткіште көбіне *дағла*- «қайғыға салу, күйіндіру» етістігімен бірге қолданылып фразеологиялық тіркес құрайды. Мысалы:

zālim eger zulum eylese maña yığla/ yaşıñ saçıp ھاққа sıgnıp yürek dağla (5b/7).

ümmet bolsañ kèçe kündüz tınmay yığla/ bağrıñ pişip öpkeñ şaşır yürek dağla (63a/1).

der-gāhıña imdi keldim himmet bağlap/ cān küydürip yürek bağrım tün kün dağlap (74a/3).

yüz (يوز): жүз, бет, ажар, көрік

Анатомиялық атау ретінде көз, мұрын, ауыз, бет, иек, жақ секілді түрлі органдары орналасқан адамның басының алдыңғы жақ бетінің атауы болып табылатын бұл сөз де көне түрік тілінен қазірге дейін қолданыстан түспеген деуге болады. Әрі кейбір ауыспалы мағыналармен толықпаса негізгі мағынасын, сондай-ақ тұлғалық ерекшелігін өзгерте қоймаған сөздердің бірі. Бұл сөз көне түркі тілінде *йүз* [22, 316-б.], көне ұйғыр тілінде *йүз* ~ *йүүз*, қазіргі түркі халықтарының жазба тілдерінде және диалектілерінде *йүз* (түрік, өзбек, түркімен) ~ *йөз* (башқұрт, татар) ~ *жүз* (қазақ) ~ *джүз* (қырғыз) ~ *чүс* (хакас, тува, қарағас) ~ *сү:c* (якут) ~ *үз* (азербайжан) ~ *из* т.б. тұлғалары қалыптасқан [10, 1197-б.].

Бұл жерде де сөз басындағы үнді /й/ дауыссызының ұяң /ж/-ға, қатаң /ч/-ға, одан да ілгерілеп қатаң /с/-ға алмасу, кейбірінде барынша әлсірей түсіп соңында еру; еріндік әрі қысаң /ү/ дауыстысының еріндік-жартылай ашық /ө/-ге, езулік-қысаң /и/-ге; сөз соңындағы ұяң /з/ дауыссызының қатаң /с/-ға алмасу құбылыстарының орын алғанын көруге болады.

Бұл сөз көпмағынаға ие сөздердің бірі ретінде анатомиялық атау мағынасынан басқа «өткір заттардың кесуге, не тесуге арналған жағы», «мата секілді заттардың оң жағы», «көрпе-жастықтың тысы», «себеп», «алды, жаны» секілді кейбір ауыспалы мағыналары да бар.

«Диуани хикметте» *йүз* сөзі он рет қолданылады, сонымен бірге бұл сөз *не йүз бирле* «батылы барып, жасаған кінәсін елеместен» (14b/6), *қара йүз* «арсыз, имансыз» (9a/8), *қара йүзлүг* «жүзі қара» (19a/1) секілді кейбір фразалық тіркестер мен эпитеттердің құрамында қызмет атқарады. Мысалы:

ṭāʿatlikler ھاққ қаşıда hoş saʿādet/ қара yüzüm ṭāʿat қилмай soldı dōstlar (9a/8).

ne yüz birle aña aytay қилгил āzād/ bir ü barım dīdārıñnı körer-min mü (14b/6).

kir dīlide bolmasa yüz dāğ-ı derd/ ey birāder қақ anı hem-dem dēme (54a/8).

Қорытынды

Қорыта келгенде, түркі тілдерінің бай сөздік қорында әрі санының молдығы жағынан, әрі алуандығы жағынан өзіндік орны бар анатомиялық атаулардың «Диуани хикметтің» Көкшетау нұсқасындағы қолданысына мағыналық және тұлғалық жақтан лингвистикалық талдау жасауды мақсат еткен болатынбыз. Тілдік тұрғыдан талдау барысында ескерткіш тілінде кездесетін *ағыз, арқа, айақ* ~ *айағ, бағыр, баи, бел, бойун, ич, егин, елиг* ~ *ел, қол, көз(ү)с, көз, құлақ, өпке, сач, сақал, сүнгек, тыл, ұча, йүрек, йүз* т.б. анатомиялық атаудың шығу-төркініне, көне түркі тілінен бері қарайғы қолданысына, яғни тұлғалық және мағыналық ерекшеліктерінің ортақ тұстарымен қоса кейбір тілдердегі өзіндік қолданыстарына назар аударылды. Жан-жақты талдау нәтижесінде мынадай қорытынды жасалды:

- ДХК-де кездесетін анатомиялық атаулардың барлығы түркілердің сөздік қорында өте ерте замандардан бері қолданылады. Оның көбісі тұлғалық (дыбыстық) жағынан аздап өзгергенімен көбіне мағыналық жағынан көнелігін сақтап қалған. Мысалы, көне түркі жазбаларында кездесетін *ағыз, көз, құлақ* сөздері түркі тілдерінің барлығында қолданылады, десек те, бұл сөздің қазіргі түркі тілдерінде түрлі варианттары бар және түрлі мағыналары да болуы мүмкін. Бірақ негізгі мағынасы сол көне түркі тіліндегіше.

- ДХК-де кездесетін анатомиялық атаулардың біршамасы, атап айтқанда, *сақал, бағыр, адақ, арқа* секілді сөздер түркі және монғол тілдеріне ортақ. Яғни бұл сөздер түркі және монғол тілдерінде әрі мағыналық, әрі тұлғалық жағынан аса айырмашылығы жоқ дей аламыз.

- ДХК-де кездесетін анатомиялық атаулардың кейбірі кейбір түркі тілдерінде негізгі мағынасынан айрылып, ауыспалы мағынада қолданыла бастаған. Мысалы, түрік тілінде *өфке* сөзінің «кек, ашу, өшпенділік» мағынасын беруі, *елиг* ~ *ел* сөзінің түрік тілінде қолдың алақан және саусақ орналасқан бөлігінің атауын білдіріп, қазақ тілінде «саусақпен өлшенетін өлшем бірлік» ретінде басқа мағына беруі сөзіміздің дәлелі.

- ДХК-де кездесетін анатомиялық атаулардың кейбірінің қазіргі түркі тілдерінің кейбірінде қолданыс аясы тарылып, оның орнына басқа сөздің кеңірек қолданыла бастағанын көреміз. Мысалы, *е:ин* ~ *иін* сөзі қазақ тілі мен түрік тілінде кейбір фразеологиялық тіркестерде, сондай-ақ диалектілерде кездесе де, соған орай кейбір сөздіктерде орын алса да күнделікті өмірде қолданыста жоқ. Оның орнына *йық, омуз* сөздері қолданылуда.

- ДХК-де кездесетін анатомиялық атаулардың кейбірі түркі тілдерінде басқа-басқа дене мүшелерінің атаулары ретінде қолданылатындығын көреміз. Мысалы, *бағыр* ~ *бауыр* сөзі бүгінгі түркі тілдерінде «өкпе», «қойын», «бүйір», «жүрек», «ішек-қарын» секілді түрлі анатомиялық атауларда қолданыла береді.

- ДХК-де анатомиялық атаулардан жасалған көптеген фразеологиялық тіркестер кездеседі. Олардың көбісі түркі тілдеріне ортақ немесе жақын мағынада қолданылады. Дегенмен арасында аздаған мағына айырмашылығы да кездесуі мүмкін. Мысалы, *бел бағла*- «бел буу, бел байлау» тіркесі түрік және түркімен тілдерінде «біреуге немесе бір нәрсеге сену», «біреудің өзіне көмектесетініне сену, үміттену», азербайжан тілінде «дәмелену, үміттену», «сену», «ғашық болу, ұнатып қалу, өзбек, қазақ тілдерінде бұл сөз «бір істі орындауға шындап кірісу, ойын жүзеге асыруға батыл беку» мағыналарын береді.

Әдебиеттер

1. Akar A. Düşünen Türkçe. – İstanbul: Ötüken Neşriyat, 2019. –340 s.
2. Қайдар Ә., Оразов М. Түркітануға кіріспе. – Алматы: Арыс баспасы, 2004. –360 б.
3. Tekin T. Irk Bitig. – Ankara: Türk Dil Kurumu Yayınları, 2017. –132 s.
4. Caferoğlu A. Eski Uygur Türkçesi Sözlüğü. – Ankara: Türk Dil Kurumu Yayınları, 2011. –320 s.
5. Atalay B. Divanü Lûgat-it Türk Dizini. C. IV. – Ankara: Türk Tarih Kurumu Basımevi, 1986. –887 s.
6. Mahmud B.A. Nehcü'l-Ferâdis. – Ankara: Türk Dil Kurumu Yayınları, 2014. –1392 s.
7. Гаркавец А. Кыпчакское письменное наследие. Том III. Кыпчакский словарь. – Алматы: Баур – Касеан, 2010. с. 1802.
8. Toparlı R., Vural H., Karaatlı R. Kıpçak Türkçesi Sözlüğü. – Ankara: Türk Dil Kurumu Yayınları, 2007. –337 s.
9. Севортян Э.В. Этимологический словарь тюркских языков: Общетюркские и межтюркские основы на гласные. АН СССР. Институт языкознания. – Москва: Издательство «Наука», 1974. с. 767.
10. Gülensoy T. Türkiye Türkçesindeki Türkçe Sözlüklerin Köken Bilgisi Sözlüğü. – Ankara: Türk Dil Kurumu Yayınları, 2007. –1204 s.
11. Taş İ. Kutadgu Bilig’de Söz Yapımı. –Ankara: Türk Dil Kurumu Yayınları, 2015. –281 s.
12. Айдаров Ғ. Орхон-Енисей және көне ұйғыр жазба ескерткіштерінің тілі. – Алматы: Рауан баспасы, 1995. –160 б.
13. Türkçe Sözlük. – Ankara: Türk Dil Kurumu Yayınları, 2005. –2244 s.
14. Қазақ әдеби тілінің сөздігі, I том. – Алматы: А. Байтұрсынов атындағы тіл білімі институты, 2011. –742 б.
15. Toparlı R. Harezm Türkçesi Grameri. – Erzurum: Atatürk Üniversitesi Fen-Edebiyat Fakültesi, 1985. –65 s.

16. Hacıeminoğlu N. Harezmi Türkçesi ve Grameri. – Ankara: İstanbul Üniversitesi Yayınları, 1997. –194 s.
17. Hacıeminoğlu N. Karahanlı Türkçesi Grameri. – Ankara: Türk Dil Kurumu Yayınları, 1996. –214 s.
18. Ақар А. Түркі тілінің тарихы. – Алматы: Елтаным баспасы, 2017. –232 б.
19. Eren H. Türk Dilinin Etimolojik Sözlüğü. – Ankara: Bizim Büro Basım Evi, 1999. –512 s.
20. Түймебаев Ж., Сағидолда Г., Ескеева М. Түркі тілдерінің салыстырмалы-тарихи грамматикасы. – Алматы: Қазығұрт баспасы, 2017. –324 б.
21. Türkmen Dilinin Düşündürişli Sözlüğü. İki tomuk. I tom. – Aşgabat: Ylym, 2015. –542 s.
22. Şirin H. Eski Türk Yazıtlarında Söz Varlığı İncelemesi. – Ankara: Türk Dili Kurumu Yayınları, 2016. –751 s.
23. Tekin T. Orhon Türkçesi Grameri. – Ankara: Türk Dil Kurumu Yayınları, 2016. –328 s.
24. Aksan D. Türkçenin Söz varlığı. – Ankara: Engin Yayınevi, 2004. –249 s.
25. Eraslan K. Mevlâna Sekkâkî Divanı. – Ankara: Türk Dil Kurumu Yayınları, 1999. –686 s.
26. Ўзбек тилининг изохли луғати. Ўзбекистон республикаси фанлар академияси Алишер Навоий номидаги тил ва адабиёт институти. – Тошкент: «Ўзбекистон миллий энциклопедияси» Давлат илмий нашриёти, 2006–2008. –1502 б.
27. Қазақ әдеби тілінің сөздігі, III том. – Алматы: А. Байтұрсынов атындағы тіл білімі институты, 2011. –742 б.
28. Севортян Э.В. Этимологический словарь тюрских языков. Общетюрские и межтюрские основы на букву «Б». – Москва: Издательство «Наука», 1978. с. 349.
29. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. II том. – Алматы: А. Байтұрсынов атындағы тіл білімі институты, 2011. –742 б.
30. Azərbaycan Türkçesinden Türkiye Türkçesi'ne Büyük Sözlük. C. I. – İstanbul: Beşir Yayınevi, 1999. –625 б.
31. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. IX том. – Алматы: А. Байтұрсынов атындағы тіл білімі институты, 2011. –742 б.
32. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. XVI том. – Алматы: А. Байтұрсынов атындағы тіл білімі институты, 2011. –742 б.
33. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. VII том. – Алматы: А. Байтұрсынов атындағы тіл білімі институты, 2011. - 742 б.
34. Бекжан О. Түркі күлбіздік жазба ескерткіштері тілінің семиотика-семантикалық негіздері. – Алматы: Қазығұрт баспасы, 2015. –367 б.
35. Древнетюркский словарь (Редакторы В.М. Надеяев, Д.М.Насилов, Э.Р.Тенишев, А.М.Щербак). – Ленинград: Издательство «Наука», Ленинградское отделение, 1969. с. 677.
36. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. V том. – Алматы: А. Байтұрсынов атындағы тіл білімі институты, 2011. –751 б.
37. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. IX том. – Алматы: А. Байтұрсынов атындағы тіл білімі институты, 2011. –742 б.
38. Севортян Э.В. Этимологический словарь тюрских языков. Общетюрские и межтюрские основы на букву «Қ». – Москва: Издательство «Наука», 2000. – 261 б.

39. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. X том. – Алматы: А. Байтұрсынов атындағы тіл білімі институты, 2011. с. 742.
40. Gabain A. von. Eski Türkçenin Grameri. – Ankara: Türk Dil Kurumu Yayınları, 2007. – 313 s.
41. Eraslan K. Eski Uygur Türkçesi Grameri. – Ankara: Türk Dil Kurumu Yayınları, 2012. – 664 s.
42. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. VIII том. – Алматы: А. Байтұрсынов атындағы тіл білімі институты, 2011. – 742 б.
43. Севортян Э.В. Этимологический словарь тюрских языков. Общетюрские и межтюрские основы на буквы «В», «Г» и «Д». – Москва: Издательство «Наука», 1980. с. 395.
44. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. XII том. – Алматы: А. Байтұрсынов атындағы тіл білімі институты, 2011. – 742 б.
45. Севортян Э.В. Этимологический словарь тюрских языков. Общетюрские и межтюрские основы на буквы «Л», «М», «Н», «П», «С». – Москва: Издательство «Восточная литература», 2003. с. 474.
46. Нұрмахамбетов Ә. Бес жүз бес сөз. – Алматы: Рауан, 1994. – 304 б.
47. Argunşah M. Çağatay Türkçesi. – İstanbul: Kesit Yayınları, 2013. – 381 s.
48. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. XIV том. – Алматы: А. Байтұрсынов атындағы тіл білімі институты, 2011. – 798 б.
49. Türkmen Diliniñ Düşündirişli Sözlüğü. İki tomluk. II tom. – Aşgabat: Ylym, 2015. – 542 s.
50. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. VII том. – Алматы: А. Байтұрсынов атындағы тіл білімі институты, 2011. – 751 б.

References

1. Akar A. Düşünen Türkçe. – İstanbul: Ötüken Neşriyat, 2019. – 340 s.
2. Qaidar Ä., Orazov M. Türkitanýğa kirispe. – Almaty: Arys baspasy, 2004. – 360 b.
3. Tekin T. İrk Bitig. – Ankara: Türk Dil Kurumu Yayınları, 2017. – 132 s.
4. Caferođlu A. Eski Uygur Türkçesi Sözlüğü. – Ankara: Türk Dil Kurumu Yayınları, 2011. – 320 s.
5. Atalay B. Divanü Lûgat-it Türk Dizini. C. IV. – Ankara: Türk Tarih Kurumu Basımevi, 1986. – 887 s.
6. Mahmud B.A. Nehcü'l-Ferâdis. – Ankara: Türk Dil Kurumu Yayınları, 2014. – 1392 s.
7. Garkavets A. Kypchakskoe pısmennoe nasledie. Tom III. Kypchaksku slovar. – Almaty: Baýr – Kasean, 2010. s. 1802.
8. Toparlı R., Vural H., Karaatlı R. Kıpçak Türkçesi Sözlüğü. – Ankara: Türk Dil Kurumu Yayınları, 2007. – 337 s.
9. Sevortian E.V. Etimologičeskı slovar tırkskıh jazıkov: Obetırkskie ı mejtırkskie osnovy na glasnye. AN SSSR. İnstitýt jazıkoznaniıa. – Moskva: Izdatelstvo «Naýka», 1974. s. 767.
10. Gülensoy T. Türkiye Türkçesindeki Türkçe Sözlüklerin Köken Bilgisi Sözlüğü. – Ankara: Türk Dil Kurumu Yayınları, 2007. – 1204 s.
11. Taş İ. Kutadgu Bilig’de Söz Yapımı. – Ankara: Türk Dil Kurumu Yayınları, 2015. – 281 s.
12. Aıdarov Ğ. Orhon-Eniseı jáne kóne uıgır jazba eskertkishteriniñ tili. – Almaty: Raýan baspasy, 1995. – 160 b.

13. Türkçe Sözlük. – Ankara: Türk Dil Kurumu Yayınları, 2005. –2244 s.
14. Qazaq ádebi tiliniń sózdigi, I tom. – Almaty: A. Baitursynov atyndaǵy til bilimi institúty, 2011. –742 b.
15. Toparlı R. Harezmi Türkçesi Grameri. – Erzurum: Atatürk Üniversitesi Fen-Edebiyat Fakóltesi, 1985. –65 s.
16. Hacıeminoǵlu N. Harezmi Türkçesi ve Grameri. – Ankara: İstanbul Üniversitesi Yayınları, 1997. –194 s.
17. Hacıeminoǵlu N. Karahanlı Türkçesi Grameri. – Ankara: Türk Dil Kurumu Yayınları, 1996. –214 s.
18. Akar A. Türki tiliniń tarıhy. – Almaty: Eltanym baspasy, 2017. –232 b.
19. Eren H. Türk Dilinin Etimolojik Sözlüǵi. – Ankara: Bizim Büro Basım Evi, 1999. –512 s.
20. Túmebaev J., Saǵıdolda G., Eskeeva M. Türki tilderiniń salıstıymalı-tarlı grammatıkasy. – Almaty: Qazyǵurt baspasy, 2017. –324 b.
21. Türkmen Diliniń Düşündirişli Sözlüǵi. İki tomluk. I tom. – Aşgabat: Ylym, 2015. –542 s.
22. Şirin H. Eski Türk Yazıtlarında Söz Varlıǵı İncelemesi. – Ankara: Türk Dili Kurumu Yayınları, 2016. –751 s.
23. Tekin T. Orhon Türkçesi Grameri. – Ankara: Türk Dil Kurumu Yayınları, 2016. –328 s.
24. Aksan D. Türkçenin Söz varlıǵı. – Ankara: Engin Yayınevi, 2004. –249 s.
25. Eraslan K. Mevlâna Sekkâkî Divanı. – Ankara: Türk Dil Kurumu Yayınları, 1999. –686 s.
26. Ÿzbek tilining izohlı lıǵatı. Ÿzbekiston respúblikasy fanlar akademıyası Alisher Novonı nomıdagı til va adabiёт institúti. – Toshkent: «Ÿzbekiston mlı entsıklopedıyası» Davlat ılmı nashrieti, 2006–2008. –1502 b.
27. Qazaq ádebi tiliniń sózdigi, III tom. – Almaty: A. Baitursynov atyndaǵy til bilimi institúty, 2011. –742 b.
28. Sevortian E.V. Etimologicheskı slovar tíyrskıh ıazykov. Obetıyrskie ı mejtıyrskie osnovy na bıkvı «B». – Moskva: Izdatelstvo «Naıka», 1978. s. 349.
29. Qazaq ádebi tiliniń sózdigi. II tom. – Almaty: A. Baitursynov atyndaǵy til bilimi institúty, 2011. –742 b.
30. Azərbaycan Türkçesinden Türkiye Türkçesi'ne Büyük Sözlük. C. I. – İstanbul: Beşir Yayınevi, 1999. –625 b.
31. Qazaq ádebi tiliniń sózdigi. IX tom. – Almaty: A. Baitursynov atyndaǵy til bilimi institúty, 2011. –742 b.
32. Qazaq ádebi tiliniń sózdigi. XVI tom. – Almaty: A. Baitursynov atyndaǵy til bilimi institúty, 2011. –742 b.
33. Qazaq ádebi tiliniń sózdigi. VII tom. – Almaty: A. Baitursynov atyndaǵy til bilimi institúty, 2011. - 742 b.
34. Bekjan O. Türki kúlbizik jazba eskertkishteri tiliniń semiotika-semantıkalyq negizderi. – Almaty: Qazyǵurt baspasy, 2015. –367 b.
35. Drevnetıyrskı slovar (Redaktory V.M. Nadelıaev, D.M.Nasılov, E.R.Tenishev, A.M.erbak). – Leningrad: Izdatelstvo «Naıka», Leningradskoe otdelenie, 1969. s. 677.
36. Qazaq ádebi tiliniń sózdigi. V tom. – Almaty: A. Baitursynov atyndaǵy til bilimi institúty, 2011. –751 b.
37. Qazaq ádebi tiliniń sózdigi. IX tom. – Almaty: A. Baitursynov atyndaǵy til bilimi institúty, 2011. –742 b.

38. Sevortian E.V. Etimologičeskii slovar tırskih iazykov. Obetırskie i mejtırskie osnovy na bıkvı «Q». – Moskva: Izdatelstvo «Naıka», 2000. – 261 b.
39. Qazaq ádebi tiliniń sózdigi. X tom. – Almaty: A. Baitursynov atyndaǵy til bilimi instıtıty, 2011. s. 742.
40. Gabain A. von. Eski Türkçenin Grameri. – Ankara: Türk Dil Kurumu Yayınları, 2007. – 313 s.
41. Eraslan K. Eski Uygur Türkçesi Grameri. – Ankara: Türk Dil Kurumu Yayınları, 2012. – 664 s.
42. Qazaq ádebi tiliniń sózdigi. VIII tom. – Almaty: A. Baitursynov atyndaǵy til bilimi instıtıty, 2011. – 742 b.
43. Sevortian E.V. Etimologičeskii slovar tırskih iazykov. Obetırskie i mejtırskie osnovy na bıkvı «V», «G» i «D». – Moskva: Izdatelstvo «Naıka». 1980. s. 395.
44. Qazaq ádebi tiliniń sózdigi. XII tom. – Almaty: A. Baitursynov atyndaǵy til bilimi instıtıty, 2011. – 742 b.
45. Sevortian E.V. Etimologičeskii slovar tırskih iazykov. Obetırskie i mejtırskie osnovy na bıkvı «L», «M», «N», «P», «S». – Moskva: Izdatelstvo «Vostochnaia literatıya», 2003. s. 474.
46. Nurmahambetov Á. Bes jüz bes sóz. – Almaty: Raıan, 1994. – 304 b.
47. Argunşah M. Çaǵatay Türkçesi. – İstanbul: Kesit Yayınları, 2013. – 381 s.
48. Qazaq ádebi tiliniń sózdigi. HIV tom. – Almaty: A. Baitursynov atyndaǵy til bilimi instıtıty, 2011. – 798 b.
49. Türkmen Diliniń Düşündirişli Sözlügi. Iki tomluk. II tom. – Aşgabat: Ylym, 2015. – 542 s.
50. Qazaq ádebi tiliniń sózdigi. VII tom. – Almaty: A. Baitursynov atyndaǵy til bilimi instıtıty, 2011. – 751 b.

Özet

Makalede, sufi şair Hoca Ahmed Yesevî'nin meşhur eseri *Divân-ı Hikmet*'in Kökşetav nüshasındaki söz varlığında sayı bakımından önemli bir yer tutan organ adları, dilbilgisi açısından incelenmiş ve değerlendirilmiştir. *Divân-ı Hikmet*'te tespit edilen ağız “ağız”, *arka* “sırt”, *ayaq* “ayak”, *bağır* “karaciğer”, *baş, bel, boyun, iç, egin* “omuz”, *elig ~ el, kol, kög(ü)s* “göğüs”, *köz* “göz”, *kulaq, öpke* “akciğer”, *saç, sakal, süngök* “kemik”, *til* “dil”, *uç* “omuz, sırt”, *yürek, yüz* gibi yirmiyi aşkın organ adı ayrı ayrı başlıklar altında ele alınarak bu adların tarihî metinlerdeki ve çağdaş Türk lehçeleri ile ağızlarındaki kullanılışlarıyla ilgili bilgi verilmiştir. Türk lehçelerindeki kullanılışları izah edilirken, her organ adı hem sözlüksel hem de yapısal özellikleri bakımından karşılaştırılıp bazı kelimelerde meydana gelen ses olaylarından bahsedilmiştir. Bazı organ adlarının kökeni ve oluşumuyla ilgili dilciler tarafından ortaya atılan görüşler dile getirilmiş ve bu görüşler bilimsel açıdan incelenmiştir. Her adın gerçek ve mecazi anlamları ile bazı adların çok anlamlılığı üzerinde durulmuştur. Bununla birlikte, eserin dilinde karşılaşılan somatizmlerin (içinde organ adları bulunan deyimler) Türk lehçelerindeki kullanılışları ve çeşitli anlamları hakkında malumat sunulmuştur.

Anahtar kelimeler: *Divân-ı Hikmet*, Kökşetav nüshası, anatomi terimleri, organ adları, somatizmler.

(S. Utebekov. *Divân-ı Hikmet*'te Kullanılan Organ Adlarının Türk Lehçelerindeki Kullanılışları)

Аннотация

В статье проводится лингвистический анализ анатомических названий, занимающих важное место в лексике Кокшетауской версии известного произведения средневекового поэта, суфийского толка Ходжи Ахмеда Ясави «Диван-и Хикмет». Анализируются более чем двадцать анатомических названий, встречающиеся в «Диван-и Хикмет», а также дается информация об использовании этих названий в исторических памятниках, в языках и диалектах современных тюркских народов. В статье подробно исследуются такие анатомические названия как *ағыз* «рот», *арқа* «спина», *айақ* ~ *айағ* «ноги», *бағыр* «печень», *баиш* «голова», *бел* «талия», *бойұн* «шея», *ич* «живот», *егин* «плечо», *елиг* ~ *ел* «рука», *көг(ү)с* «грудь», *көз* «глаз», *құлақ* «ухо», *өпке* «легкие», *сач* «волосы», *сақал* «борода», *сунгек* «кость», *тыл* «язык», *ұча* «спина, лопатка», *йүрек* «сердце», *йүз* «лицо». В статье уделяется внимание фонетическим явлениям, которые встречаются в некоторых названиях, наряду с этим при описании употребления каждого названия в тюркских языках сравниваются как смысловые, так и личностные стороны. Наряду с этим, проведен сопоставительно-научный анализ мнений ученых в связи с созданием и формированием некоторых названий. Автором исследованы прямые и косвенные значения, а также многозначное значение некоторых названий. Кроме этого, в статье описаны значения и особенности употребления в тюркских языках соматизмов, встречающиеся в языке памятника, т.е. фразеологических выражений из анатомических названий.

Ключевые слова: Диван-и Хикмет, Кокшетауская версия, анатомические названия, части тела, соматизмы.

(С. Утебеков. Сравнительно-сопоставительный анализ использования в тюркских языках анатомических названий, встречающиеся в «Диван-и хикмет»)